

КЛЮЧЕВОЙ ЗАДАЧЕЙ ОСТАЕТСЯ ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ, СООТВЕТСТВУЮЩИХ ТЕКУЩИМ И БУДУЩИМ ПОТРЕБНОСТЯМ ТРАНСПОРТНОЙ ОТРАСЛИ. УЖЕ ОПРЕДЕЛЕНА ПОТРЕБНОСТЬ В 31 НОВОЙ ПРОФЕССИИ, И ВМЕСТЕ С ГОСУДАРСТВЕННЫМИ ОРГАНИЗАЦИЯМИ ОБРАЗОВАНИЯ МЫ ОБНОВЛЯЕМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ. ПОКАЗАТЕЛЕМ ОПЫТ КОМПАНИИ АО «НК «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ», ГДЕ ДЕЙСТВУЕТ СИСТЕМА ПОДГОТОВКИ КАДРОВ С РЕГИОНАЛЬНЫМИ УЧЕБНЫМИ ЦЕНТРАМИ, ЛАБОРАТОРИЯМИ И ПОЛИГОНАМИ. ТОЛЬКО В ПРОШЛОМ ГОДУ ОБУЧЕНИЕ ПРОШЛИ 174 ТЫСЯЧИ РАБОТНИКОВ, ИЗ НИХ 113 ТЫСЯЧ ОСВОИЛИ НАВЫКИ РАБОТЫ С ИСКУССТВЕННЫМ ИНТЕЛЛЕКТОМ.

Нурлан САУРАНБАЕВ,
министр транспорта РК



№73 (3220)
15/09/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ



«БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ»: ЖАҢА САУДА ДӘЛІЗДЕРІ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Гонконгте өткен «Бір белдеу, бір жол» он бірінші саммитінде сауда, инвестиция және көлік байланысын дамыту мәселелері талқыланды. 2013 жылы Астана қаласында Қытай Халық Республикасының Төрағасы алғаш рет Жібек жолының экономикалық белдеуін құру идеясын ұсынған болатын.



Ұлан ОРАЗ,
Астана

Бүгінде бұл бастама дамудың жаңа кезеңіне өтіп жатыр. Енді физикалық инфрақұрылыммен қатар цифрлық байланыс, трансшекаралық деректер алмасу және өзара үйлесімді цифрлық платформалардың маңызы артып келеді. Сауда және интеграция министрлігінің хабарлауынша, жиынға қатысқан аталған ведомство басшысы Арман Шақкалиев бұл бастаманың Қазақстан үшін тарихи маңызына ерекше тоқталған.

Саммитте Қазақстанның көлік-транзиттік әлеуетіне де жігі назар аударылды. Ел теміржол және автомобиль инфрақұрылымын, шекаралық өткізу бекеттерін, логистикалық орталықтарды және Транскаспий халықаралық көлік бағдарын – Орта дәлізді жүйелі түрде дамытып келеді. Қазір Қытай мен Еуропа арасындағы құрлық арқылы өтетін теміржол жүк тасымалының шамамен 85%-ы Қазақстан аумағы арқылы өтеді.



Қазақстанның мақсаты – транзит көлемін арттырумен ғана шектелмей, жаңа өндірістер мен инвестицияларға, сондай-ақ өңірлік жеткізу тізбектерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін толыққанды экономикалық дәліз құру. Қазақстан Азия мен Еуропаны байланыстыратын маңызды көлік-логистикалық буын ретіндегі орнын нығайтып келеді. Ал Гонконг қаржы, инвестиция, басқару және кәсіби сараптама салаларындағы мүмкіндіктерімен

ерекшеленеді. Сауда және интеграция министрі жиында Қазақстандағы көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту бойынша атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар туралы баяндап, жаңа бағыттарды қалыптастыру тек транзит көлемін арттырумен шектелмеуі керектігін атап өтті. Оның айтуынша, бұл үдеріс өнеркәсіптік кооперацияны дамытумен қатар жүруі тиіс.

Кездесуде «Қазақстан және Орта-

лық Азия – Қытайдың құрлықтық бөлігі – Гонконг» форматындағы өзіндік ұшжақты ынтымақтастықты дамыту ұсынылды. «Қазақстан серіктестікке ашық және бірлескен іс-қимылға дайын. Біздің міндетіміз – Еуразиядағы көлік байланысының артып келе жатқан мүмкіндіктерін жаңа өндірістерге, инвестицияларға және тұрақты сауда байланыстарына айналдыру», – деді министр.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

Сотрудничество

ИНТЕГРАЦИЯ ПОРТОВ СТРАН СВМДА

В Баку (Азербайджан) состоялась масштабная международная конференция «Роль портов в региональной взаимосвязанности и стратегическом сотрудничестве», объединившая руководителей портовых структур и ведущих представителей транспортно-логистического сектора государств – членов Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА). Активное участие в мероприятии принял Актауский международный морской торговый порт.

Конференция, организованная в рамках плана мер доверия под председательством Азербайджана, стала ключевой диалоговой площадкой для выработки единых механизмов сопряжения транспортных систем Евразийского континента.

В фокусе внимания делегатов оказались новые векторы модернизации портовой отрасли Азии. Особое значение для участников приобрели несколько направлений, в том числе новый институт сотрудничества. Генеральный секретарь СВМДА Кайрат Сарыбай анонсировал создание в будущем специализированного Совета по устойчивой взаимосвязанности для развития транспорта и торговли. Данный орган призван упростить торговые потоки

и поддержать страны СВМДА, не имеющие прямого выхода к морю.

Также внимание было уделено мультимодальной логистике и Среднему коридору. Делегаты предметно обсудили повышение эффективности и предсказуемости грузопотоков, уделив особое внимание сквозным маршрутам и кооперации между портами Каспийского и Черного морей. Еще один важный блок – цифровизация и зеленые стандарты. Участники изучили опыт внедрения безбумажных технологий, единых ИТ-платформ для отслеживания грузов и экологически ориентированных («зеленых») решений в портовой инфраструктуре.

Программа мероприятия вышла за

рамки классического обмена опытом. Руководители ведомств провели серию двусторонних встреч и посетили инфраструктурные объекты Бакинского международного морского торгового порта, ознакомившись с работой Ro-Ro, паромного и сухогрузного терминалов. Главным практическим результатом конференции стало принятие совместного итогового документа, который закрепил намерения сторон по совместному реагированию на экономические вызовы, оптимизации тарифов, ускорению таможенных процедур и синхронному наращиванию мощностей портов Азии для обслуживания растущего грузопотока между Востоком и Западом.

Алуа ТЛЕУБАЙ

БІЛІМ БӘСЕКЕСІНДЕ БАҚ СЫНАДЫ

10 қыркүйек күні Астанада «ҚТЖ» ҰК» АҚ қауіпсіздік және еңбек қорғау және экология мамандарының арасында корпоративтік олимпиадалар өтті. Оған ел өңірлеріндегі желілік теміржол кәсіпорындарының осы салалардағы жетекші мамандары қатысты.



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Олимпиадалардың ашылу салтанатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің директоры Әділбай Семенов сөз алды.

—Жыл сайынғы дәстүрмен биыл да Қауіпсіздік және еңбек қорғау (ЕҚЖҚ), сондай-ақ экология саласы қызметкерлерінің басын біріктірген олимпиада өткізіп отырмыз. Бұл сайыстың мақсаты осы саладағы қызметті жетілдіру және мамандардың мәртебесін арттыру. Сонымен қатар мамандардың шығармашылық белсенділігін, кәсіби шеберлігін және дағдыларын жетілдіру, атқаратын жұмыстарын жетілдіруге ынталандырып, озық формалар мен жұмыс тәсілдерін кеңінен тарату. Сондықтан бүгінгі әрқайсысыңызға жетістік пен сәттілік тілей отырып, олимпиадалар әріптестер

арасындағы тәжірибе бөлісу, білім-біліктілікті жетілдіру алаңы болатынына сенімдімін, – деді Әділбай Тайғараұлы.

Корпоративтік олимпиадаға қатысу үшін үміткерлер штаттағы маман болуы, еңбек өтілі екі жылдан кем болмауы, сонымен қатар желілік және аймақтық деңгейлердегі сайыстардан озып шығулары тиіс болатын. Міне, осы критерийлерден сүрінбей өткен мамандар республикалық олимпиадада бас қосты.

Алдымен таңертең еңбек қорғау және қауіпсіздік мамандарына, ал түстен кейін экологтарға арналған олимпиада өтті. Маңызды сайыстар алдында қауіпсіздік минуты жарияланып, қазылар алқасы мен олимпиада ережелері таныстырылды. Олимпиада үш турдан тұрды. Бірінші турда қатысушылар тестік тапсырмаларды орындаса, екінші турда ситуациялық жағдайлардағы іс-қимылдары мен шешім қабылдаулары сыналды. Ал үшінші турда



блиц-сауалнамаға жауап берді.

Қауіпсіздік және еңбек қорғау мамандарына арналған білім мен білік бәсекесінде олимпиада жеңімпаздары болып Амангелді Мақсымбердиев (1 орын), Сергей Тарасов (2 орын) және Балабек Әлібек (3 орын) танылды.

– Корпоративтік олимпиадаға алғаш қатысуым. Бірінші турдағы тестілік тапсырмада 20 сұрақ келді. Бәрі біздің күнделікті жұмысымызға қатысты болды. Сондықтан кейбір сұраққа сенімді жауап берсем, кейбіреуіне ойлануға тура келді. Екінші ситуациялық жағдайда да біліктілігіміз, еңбек

қорғау инспекторы ретіндегі қызметтік іс-әрекеттеріміз сыңға түсті. Ал үшінші блиц-сауалнама турының шарты бойынша, сұраққа басқа үміткерлер дұрыс жауап бере алмаса, ұпай сұрақ қоюшы адамға кететін еді. Өзім әріптестерімнің екі сұрағына дұрыс жауап бердім, – деп ой бөлісті олимпиада жеңімпазы, Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі еңбек қорғау және экология бөлімінің бастығы Амангелді Мақсымбердиев.

(Жалғасы 2-бетте)

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша еліміздің теміржол вокзалдары жаңғырту бағдарламасы жалғасуда. Жұырда Жамбыл, Ақмола және Атырау облыстарында тағы төрт вокзал қайта жаңғыртудан кейін пайдалануға берілді.

Олар – Түркісіб, Есіл, Елтай және Исатай теміржол вокзалдары. Қайта жаңартудың басты міндеті – теміржол вокзалдарын жолаушылар үшін ыңғайлы, қауіпсіз және қолжетімді ету.

Жамбыл облысы Түркісіб станциясының вокзалы кешенді қайта жаңартудан өтті. 1927 жылы салынған екі қабатты ғимараттың жалпы ауданы 1273,6 шаршы метр, тәуліктік жолаушылар ағыны 300 адамнан асады.

Ақмола облысындағы Есіл вокзалы 1943 жылы салынған. Қайта құрудан кейін оның ауданы 406-дан 485,4 шаршы метрге дейін өсті. Орташа тәуліктік жолаушылар ағыны 200 асады, ал станция арқылы 18 жолаушылар пойызы өтеді.

1973 жылы салынған Елтай станциясы да толығымен жаңартылып, жалпы ауданы 217,9-дан 246,8 ш.м. дейін ұлғайды. Станция арқылы 10 жолаушылар пойызы өтеді. Екі нысанда да шатыр, инженерлік желілер мен ішкі үй-жайлар жаңартылып, перрондар қайта жасалды және іргелес аумақтар абаттандырылды. Қасбеттер заманауи әрлеуге ие болды.

Қайта құру кезінде қауіпсіздік пен қолжетімділікке ерекше назар аударылды. Қосымша эвакуациялық жолдар ұйымдастырылып, өртке қарсы есіктер орнатылды, мобильділігі төмен жолаушылар үшін пандустармен жабдықталды. Әрлеуде негізінен берік, отқа төзімді және оңай жуылатын қазақстандық өндірістің материалдары пайдаланылды.

1970 жылы салынған Атырау облысындағы Исатай станциясының вокзалы қайта жөндеуден кейін аумағын 129,3-тен 214,65 шаршы метрге дейін ұлғайтты. Мұнда шатыр, инженерлік жүйелер, қасбет және ішкі үй-жайлар жаңартылып, іргелес аумақ абаттандырылды. Әрлеу үшін қазақстандық өндірістің заманауи материалдары қолданылды.

Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ

ЖАЗҒЫ ЖҮК АЙНАЛЫ-
МЫНДА ТУЫНДАҒАН
МӘСЕЛЕЛЕР ДЕР КЕЗІНДЕ
ШЕШІЛДІ. АЛ КҮЗГІ ЖҮК
ТАСЫМАЛЫНА КЕЛСЕК,
ЛОКОМОТИВ ПАРКІ ЖЕТ-
КІЛІКТІ. ЖҰМЫС КҮШІНЕ
ДЕ ТАПШЫЛЫҚ ЖОҚ.
КӨМІР ТАСЫМАЛЫНЫҢ
ҚАРҚЫН АЛУЫНА БАЙ-
ЛАНЫСТЫ МАУСЫМДЫҚ
ҚЫЗМЕТТІ ШИРАТЫП ЖА-
ТЫРМЫЗ. ЖОСПАР БАРЫ-
СЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

STARLINK
СПУТНИКТІК ИНТЕРНЕТІ
31 БАҒЫТТА ҚАТЫНАЙТЫН

59

ПОЙЫЗ ҚОЛЖЕТІМДІ.

БИЙЛҒЫ
8 АЙДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ
БОЙЫНША ТХКБ АРҚЫЛЫ
ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ

22%

АРТҚАН.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ
ҚТЖ-ДА

1 052 км

ЖОЛ ЖАҢАРТЫЛДЫ.

«ҚАЗТЕСТ» СЫНАҒЫНАН ӨТТІ

 **Райхан РАХМЕТОВА,**
Астана



ЕМТИХАН

«КТЖ» ҰК» АҚ Орталық аппаратының, филиалдары мен еншілес ұйымдарының және компанияның желілік деңгейдегі 200-ге жуық қызметкері мемлекеттік тілді білуі бойынша «Қазтест» жүйесі арқылы тест тапсырды.



ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысымен бекітілген ҚР тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес «Қазтест» жүйесі бойынша қызметкерлердің мемлекеттік тілді қаншалықты білетіні айқындалады. Аталған тұжырымдамада көрсетілген индикатор бойынша 2026 жылы ұлттық компания қызметкерлерінің кемінде 40 пайызы мемлекеттік тілді В1 және одан жоғары деңгейде меңгеруі керек.

– Өткен жылы Қазақстан темір жолы бойынша бүкіл өңірдегі қызметкерлерді қоса есептегенде 1700-1800 адам қазақ тілін білу деңгейін анықтауға тест тапсырған. Олардың 73 пайызы В1 және одан жоғары деңгейді көрсеткен. Биыл мамыр-маусым айларында 4 қалада «Қазтест» сынағын өткіздік, ол бойынша Алматы, Қызылорда, Орал, Ақтөбеде 600-700 адам тапсырды. Енді қыркүйек-қазан айларында Астана, Түркістан, Павлодар мен Таразда өткізу жоспарлануда. Қазтест – мемлекеттік тілдің беделін көтерудің таптырмас тамаша құралы деп айтуға болады. Себебі бұл біздің өмірімізге дендеп еніп келе жатыр. «Қазтестті» тапсыру арқылы ғана мемлекеттік қызметте сатылап өсуге болады, – дейді компанияның Мемлекеттік тілді дамыту секторының басшысы Ербол Тоқтағазы.

Тестті ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы өткізеді. Мемлекеттік тілді дамыту секторы қызметкерлердің тізімін әзірлеп, олардың қатысуын қамтамасыз етеді. Әр бөлімшеге тест тапсырушылар бойынша бөлінген лимиттің толықтай орындалуы бақыланады. Қызметкерлер рандомды, яғни кездейсоқ тандау әдісімен іріктеледі. Жоспар бойынша әр жылы кемінде 3 мың адам қамтылса, 2029 жылға дейін 18 мыңдай қызметкерді тесттен өткізеді. Тестке онлайн қатыса алмайды, тек қағаз түрінде тапсырады. Жүйелі түрде жүргізіліп жатқан тестілеу арқылы компания Қазақстандағы тіл саясатын іске асыруға үлес қосып, мемлекеттік тілді дамытудағы міндеттерді кезең-кезеңімен орындап келеді.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ – БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

 **Азамат ҚҰЛЫМБЕТ,**
Қызылорда



АЙЛЫҚ

Жаңа оқу жылының басталуымен қауіпсіздік айы жарияланып, жол бойына жақын оқу орындарында балалар қауіпсіздігіне арналған кең көлемде профилактикалық жұмыстар жүргізілуде.

«ӘТЖК» ЖШС Түркістан филиалының Қызылорда аймағында орналасқан Сексеуіл, Қазалы, Қызылорда, Шиелі атқыштар командасының қызметкерлері жергілікті мектептерді аралап, теміржолдың қауіп-қатерін түсіндіріп, сақтандыруда.

Қызылорда атқыштар командасының сарбаздары мен станция басшылары желілік полиция өкілдерімен бірлесіп Акмаржан мөлтек ауданындағы №282 мектепте және Белкөл кентіндегі №189 мектепте «Теміржол-қауіпті аймақ» тақырыбында профилактикалық іс-шаралар өткізді. Темір жолдың қауіпті аймақ екені бесенеден белгілі болса да оған жақындағанда «үйдің тұсынан өте салайын», «жақындау жолмен, төтелеп өтіп кетем» деген ой кейде қауіпке бастайтынын біліп, көріп жүрсе де теміржол маңында сақтықты ұмытып жататындар тиылар емес. Белгіленбеген жерден теміржолды кесіп өтушілер, жылжымалы құрамға тас атып залалға ұшырататындар арасында балалар да өкінішке орай аз емес.

– Баланың қауіпсіздігі – бәрінен қымбат. Оқу жылының басталуына орай теміржол объектілерінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және теміржолдағы жазатайым оқиғалардың алдын алу шаралары күшейтілуде. Қауіпсіздік айлығына байланысты балалардың қауіпті аумақта қауіпсіздік талап-ережелерін қатаң сақтау, теміржолды арнайы белгіленген жерлерден ғана өту, өткелдердің тыйым салынған белгілеріне тоқтау керектігі, аса қауіпті аймақта сақ болу қажеттігі балаларға жан-жақты түсіндіріліп, ескертілуде, – дейді Қызылорда атқыштар командасының бастығы Рахманберген Жұмабеков.

Суретті түсірген автор



БІЛІМ БӘСЕКЕСІНДЕ БАҚ СЫНАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Экология мамандарына қатысты корпоративтік олимпиада да еңбек қорғау саласы қызметкерлеріне арналған сайыс ережесімен бірдей болды. Бұл сайыста Ханиса Ақтаева жеңімпаз деп танылса, Ақерке Қазбекқызы мен Ержан Медеуов екінші және үшінші орындарды иеленді.

– Менің бағытым — санитариялық-эпидемиологиялық талаптар мен нормативтік-құқықтық актілер. Олимпиада барысында экспертиза саласында нормативтік құжаттарды әлі де толық меңгеру керектігін түсіндім. Тесттік сұрақтар маған оңай болды, себебі Экологиялық кодексті жақсы білетінмін әрі бұған дейінгі мемлекеттік қызметтегі тәжірибем өз септігін тигізді. Ситуациялық шешімдер барысында біз команда болып жұмыс істедік. Сол кезде біріміз назар аудармаған нәрсені екіншіміз таба білдік. Бұл да өзара тәжірибе алмасу еді. Блиц-сауалнама сұрақтары да білім көкжиегін кеңейтуге оң әсер етті. Жалпы теміржол саласында және теміржолшылар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру компания ұстанып отырған басым бағыттардың бірі. Бізде қызметкерлердің экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталған арнайы жоспар мен бағдарлама бар. Сол бағдарлама аясында экологиялық тақырыптар бойынша техникалық сабақтар, семинарлар өткізіп тұрамыз. Соңғы уақытта қалдықтарды қайта пайдалану және оларды сұрыптау мәселесіне ерекше көңіл бөлдік. Экологиялық кодекстің талаптарын түсіндіріп, қалдықтарды дұрыс басқару тәртібін іс жүзінде көрсетеміз. Мысалы, пайдаланылған батареяларды арнайы орындарға бөлек тапсыру, құрамында сынабы бар шамдарды тиісті тәртіппен жинау және өткізу сияқты мәселелерді қызметкерлерге



түсіндіреміз. Сонымен қатар өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды дұрыс сұрыптау, оларды қоршаған ортаға зиян келтірмей басқару жөнінде ақпараттық жұмыстар жүргіземіз. Біздің мақсатымыз – әр қызметкердің экологиялық жауапкершілігін арттырып, табиғатты қорғау мәдениетін күнделікті жұмысымыздың бір бөлігіне айналдыру, – дейді олимпиада жеңімпазы, Қарағанды вагон пайдалану депосының эколог маманы Ханиса Ақтаева.

«КТЖ» ҰК» АҚ Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің бас менеджері Сағат Кабиев темір жол ірі өндірістік сала болғандықтан, экологиялық заңдылық талаптарын сақтау аса маңызды екенін, сондықтан компания тарапынан қоршаған ортаны қорғау бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанын жеткізді. Оның

айтуынша, компания бойынша жылдың басынан бергі алты айда қайта өңдеуге жарамды қалдықтардың 35 885 кг көлемі бөге ұйымдарға ақылы негізде тапсырылған. Оның ішінде 10 053 кг мақалатура, 1 560 кг пластик, 4 002 кг шыны, 16 853 кг пайдаланылған аккумулятор батареялары, 2 937 дана пайдаланудан шыққан ортехника, сондай-ақ 480 кг пайдаланылған автомобиль шиналары бар екен. Қазіргі уақытта аутсорсингтік компания «DS Electrum» ЖШС батареяларды кәдеге жарату мақсатында «Астана қаласының ГорКомТранс» ЖШС-мен шарт жасасқан. Сонымен қатар А және Б блоктарының кіреберіс аймақтарына фандоматтар орнатылған. Жыл басынан бері қайта өңдеуге 5 200 дана пластик бөтелке және 2 800 дана алюминий банка тапсырылған. Бұдан бөлек, «Ecoraprom KZ» ЖШС-мен ынтымақтастық меморандумы жасалған.

Олимпиадалар қорытындысы бойынша қатысушылар мен жеңімпаздар әртүрлі номинациядағы дипломдармен, және «Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Ұжымдық шартқа сәйкес төлемақы жүргізілетіні айтылды. «Қазтеміржолкөсіп» ҚБ атынан Еңбек қорғау жөніндегі бас техникалық инспектор Қайрат Мұқанов сыйлықтар табыс етті.

Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК

ҚЫРАҒЫ ӨТКЕЛ КЕЗЕКШІСІ

Теміржолдың тынысы сырт қараған адамға бірқалыпты. Күнде қайталанып жатқан көріністер: пойыздар өз кестесімен қозғалып, семафорлар белгі береді, қос рельс бойымен ұзын-сонар құрамдар зулап өтіп жатады. Бірақ осы қалыпты қозғалыстың артында әр секундты, әр белгіні жіті қадағалап бақылайтын теміржолшының ерен еңбегі тұр.



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Қызылорда жол дистанциясының өткел кезекшісі Дәурен Бектұрғановтың қырағылығы мен кәсіби міндетіне адалдығы қауіпті жағдайдың алдын алуға мүмкіндік берді. Жаңақорған – Жетітөбе станциялары аралығындағы 3000-шақырымның 6-пикетіндегі теміржол өткелінің кезекшісі әдеттегідей кезекшілікте тұрған. Кешкісін өткелден өтіп бара жатқан кезекті пойыз құрамын бақылап тұрып, вагондардың біріндегі қалыптан тыс жағдайды бірден байқады. Құрамның бас жағындағы вагоннан жүктің шашылып келе жатқанын көзі шалып қалады да дереу тиісті инстанцияларға хабар береді. Шұғыл тоқтатылған пойыз құрамындағы вагонға тексеру жүргізіліп, мәселенің мән-жайы анықталды.

Түркістан – Шиелі учаскесімен қозғалған пойыз Шиелі станциясының 11-жолына сағат 21:05-те келіп тоқтайды. Құрам 70 вагоннан

және жалпы салмағы 3188 тонна жүктен тұрған. Тексеру барысында №58771718 вагонның люгі ашық қалғаны анықталған. Вагонда фосфорит жүгі болған.

Ең маңыздысы, құжатта көрсетілген үш пломбаның үшеуі де орнында болған. Дегенмен теміржолшылар вагондағы жағдайға салғырт қарамай, қауіпсіздік талаптарына сәйкес тиісті шара қабылдайды. Жауапты мамандардың тексеріп саралауынан кейін сағат 21:40-та вагон пойыз құрамынан ағытылады. Осылайша бір қарағанда көзге түсе бермейтін жағдай уақытында анықталып, мәселенің әрі қарай күрделенуіне жол берілмей, жүктің діттеген нүктесіне аман жетуіне жағдай жасалды.

Теміржолдағы жауапкершілік пойыздың қозғалысымен ғана шектелмейді. Рельс үстімен мыңдаған тонна жүк те, жолаушы да қозғалады. Оның әрқайсысының артында өндіріс орнының миллиондаған қаржысы мен еңбегі, адамдардың сенімі жатыр. Бұл жолы да вагонмен жай ғана жүк емес, аса



маңызды фосфорит жүгі тасымалданған. «Еврохим-Қаратау» ЖШС өнімі Жаңатас станциясынан тиеліп, «ХимАгроПром» ЖШҚ-не жөнелтілген екен.

– Жүктің бүтіндігі мен сақталуы – тек теміржолшылардың ғана емес, тұтас тасымал үдерісіне қатысушылардың ортақ жауапкершілігі. Өз жұмысына немқұрайлы қарамай функционалдық міндетін нақты, сақ әрі дер кезінде атқара білген Дәурен Бектұрғанов – сол жауапкершілікті арқаалаған бір кәсіп иесі. Жалпы, қырағылық дегеніміз – тек айналаға қарап тұру емес. Қырағылық – қалыпты жағдай мен қалыптан тыс жағдайдың айырмашылығын дер кезінде аңғару. Ал оны дер кезінде аңғару үшін өз кәсібінді жақсы меңгеріп, жауапкершілікті сезінуің керек, – дейді Қызылорда жол дистанциясының бас инженері Ахметқали Елеусінов.

Суретті түсірген автор

АҚТОҒАЙДАН ДЕГЕЛЕНГЕ ДЕЙІН...



КҮЗГІ БАЙҚАУ

Семей теміржолындағы маусымдық жұмыстар жылдағы қалыптасқан дәстүр бойынша күзгі комиссиялық байқаумен қабат жалғасуда. Қыркүйек айының 13 күні басталып, 29 күні аяқталатын дәстүрлі байқау жазғы жұмыстар мен алдағы қаһарлы қысқа даярлық барысын толыққанды пысықтауда.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Комиссия мүшелері, барлық шаруашылық ревизорлары мен бөлімше басшылығы арнайы қызметтік вагонмен өз жұмысын Ақтоғай станциясының іргесіндегі төртінші класты Жүзағаш станциясынан бастады. Таң алагеуіменнен басталған тексеру, қадағалау, нұсқау беру іс-шаралары тек ымырт үйіріле Аягөз станциясына қоналқыға келумен аяқтанды. Тәулік ішіндегі шаралар тығым ауқымды болды. Басты мәселелер қатарында жазғы жол күтімінің нәтижесін анықтау, байланыс және электрмен жабдықтау құрылғыларының қысқы маусымға әзірлігін пысықтау, қозғалысшылар біліктілігін сараптау сынды күн тақырыбындағы міндеттер тұрды. Комиссия мүшелері өңірдегі дала өртінің алдын алу сынды мәселелерді де назардан тыс қалдырмады. Қазіргі таңда Ақтоғай мен Аягөз арасында құрғақ шөптің жану фактілері жиілеген. Тілсіз жау желі бойындағы теміржол мүлкіне залал келтірмеуі тиіс.

«КТЖ» ҰК» АҚ Қауіпсіздік департаментінің Семей учаскесі бойынша аймақтық бас



ревизоры Темірбек Ақчалов бастаған РБ-6 аппаратының жұмысы өнімді болды. Нормативтік-техникалық құжаттамалардан бастап, станция қызметкерлерінің қозғалыс қауіпсіздігін сақтау бойынша білім-білігі де сынға түсті. Ал, НЖС-6 мен Семей ЖТ филиалының өндірістік-техникалық бөлімі мамандары өндірістік ғимараттардың қысқа дайын, талапқа сай болуын тексерді.

– Жалпы, байтақ желі бойындағы қозғалыс қауіпсіздігін сақтау бойынша әр ай сайын тұрақты түрде талдау жасап отырамыз. Осыған дейін бірқатар мекеме басшыларына орын алған олқылықтарды түзетіп, ақауларды қалпына келтіру және қауіпсіздікті бұзуға себеп болатын факторларды жою бойынша нұсқаулар берілген болатын. Күзгі сын барысында осы мәселе айрықша назарда

ұсталады, – дейді аймақтың бас ревизоры Темірбек Иманғабасұлы.

Күзгі сын қарсаңында Аягөз өңіріндегі барлық станция тыңғылықты даярлық жүргізіп байқалады. Күзгі сенбіліктер ұйымдастырылып, ғимараттар ағымдық жөндеуден өткізіліп, рельс бойы құраған шоп пен бұтадан толық тазартылған. Шаруашылық ревизорлар қанша үңіліп «майшаммен» қарағанымен тиянақты жұмыстар легі өз нәтижесін беруде. Жүзағаштан бастап, Темекілі, Алтынқолат, Таңсық сынды жол айрықтары түтел сүзіліп, жергілікті теміржолшылар күзгі сынға толық даярлықпен келгендерін іс жүзінде көрсетті. Сонымен қатар, сала қызметкерлерінің қыс қарсаңындағы керек-жарағын «Қазтеміржолкөлік» ҚБ Семей өңірі бойынша өкілі Есен Қажығұлов та түгендеуде.

Күзгі байқау осы аптада Аягөз-Жаңғызтөбе-Шар телімінде жалғасын болады. Ал, жалпы комиссиялық бақылау Әскемен өңірін де қамтып, 29 қыркүйек күні кластан тыс Семей станциясында аяқталмақ. Анықталған жайттар қорытынды селекторлық жиын барысында талқыға салынады.

Суретті түсірген автор

ЖЕЛЕЗНАЯ ДОРОГА ВСТРЕЧАЕТ ЗИМУ ВО ВСЕОРУЖИИ



Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

В рамках подготовки к зимнему периоду в готовность приводятся 1 663 здания и со-оружения, проводится обслуживание 14,5 километра теплотрасс, а также завершается подготовка 279 единиц снегоуборочной и снегоочистительной техники. Это позволит оперативно реагировать на снегопады и под-держивать бесперебойное движение поездов. Параллельно формируются необходи-

АО «НК «КТЖ» проводит комплексную подготовку железно-дорожной инфраструктуры к предстоящему зимнему сезону. Масштабная работа охватывает объекты по всей сети и направ-лена на обеспечение устойчивой и безопасной эксплуатации ма-гистральной в условиях низких температур, обильных снегопадов и других неблагоприятных погодных факторов.


мые запасы топлива. Для обеспечения производственных процессов будет заготовлено более 27 тысяч тонн техни-ческого угля, еще свыше девяти тысяч тонн бытового угля предназначено для работников компании и пенсионеров железнодорожной отрасли.

Особое внимание уделяется созданию безопасных условий труда в зимний пери-од. Для работников предусмотрена выдача более 128 тысяч комплектов зимней спе-цодежды и обуви, что позволит выполнять

производственные задачи в условиях отрицательных температур.

Неотъемлемой частью подготовки остается обучение персонала. Железнодорожники прохо-дят инструктажи по безопасной эксплуатации объектов и техники, а также отрабатывают порядок действий при неблагоприятных погодных условиях. Комплекс принимаемых мер направлен на обеспечение надежной работы железнодорожной инфраструктуры и бесперебойного перевозочного процесса на протяжении всего зимнего сезона.

ПЛАН ВЫПОЛНЕН, КОНТРОЛЬ УСИЛЕН



Так, перевозочная работа выполнена на 107,8% к плану – 1 984,415 миллиона тонно-кило-метров брутто, среднесуточная производительность локомотива выросла на 5,7% – до 870 тысяч тонно-километров брутто, сред-несуточный пробег локомотива выполнен на 108,55% к плану, техническая скорость при плане 38,65 километра в час составила 39 километров, или 101%, по-лезная работа достигла 107,48% от планового значения, или 11,20 часа.

Число рапортов, оставленных в Книге замечаний машиниста, в августе выросло на 173 – до 615 рапортов. Согласно требованиям инструкции, все ответы предо-ставлены в срок.

По данным расшифровки, за август допущено три нарушения, столько же годом ранее.

Увеличилось и количество экстренных торможений, в августе локомотивными бригадами ТЧЭ-28 применено 82 экстренных торможения, в том же месяце прошлого года – 55.

Самой частой причиной не-

В августе в Алматинском эксплуатационном локо-мотивном депо (ТЧЭ-28) перевыполнены основ-ные эксплуатационные показатели.

запланированной остановки поездов стал сбой кодов АЛС – 38 случаев, в 20 случаях экстре-нное торможение применено из-за нахождения на путях животных, 9 из них – с наездом. Из-за людей, нарушавших правила перехода железнодорожного полотна, машинисты прибегали к экстре-нной мере 8 раз. В большинстве случаев их грамотные действия позволили избежать трагедии, однако один случай закончился наездом. 6 августа в районе стан-ции Бурундай, следуя на зеленый свет локомотивного светофора со скоростью 87 километров в час, машинист электровоза заметил человека на путях и применил экстренное торможение. Тормоз-ной путь составил 258 метров.

Продолжают нарушать пра-вила и автолюбители. За август автомобили на путях стали при-чиной трех незапланированных остановок поездов, одна из них закончилась столкновением. Среди причин экстренных тормо-жений – посторонние предметы на путях, срывы стоп-крана и другие.



Каждое событие, инцидент и срыв эксплуатационной работы детально прорабатываются на технических занятиях и планер-ных совещаниях для выработки необходимых мер по предотвра-щению нестандартных ситуаций. Выпускаются технические бюл-летени, проводится практическое обучение на тренажере, показ на локомотивах и при выполнении контрольно-инструкторских поездок.

Постоянно совершенствуется система технического обучения локомотивных бригад, инженеров по расшифровке, дежурных по депо, машинистов-инструкторов. Усилен контроль со стороны ру-ководства депо, отдела контроля ремонта локомотивов и машини-стов-инструкторов по обучению локомотивных бригад работе на новых сериях локомотивов.


Стоит отметить, что по сравне-

нию с августом 2025 года в два раза снизилось число работников, привлеченных к дисциплинарной ответственности из-за нарушений трудовой и производственной дисциплины – 47 работников к 96 годом ранее.

– Главный результат нашей работы – безопасное движение поездов и сохранение жизни и здоровья людей. Наша задача – не только выполнять эксплуатац-онные показатели, но и последо-вательно снижать количество нарушений и нестандартных ситуаций. Уверен, что системная работа, постоянный контроль и профессионализм локомотивных бригад позволят нам и дальше повышать надежность пере-возочного процесса, – говорит начальник Алматинского экс-плуатационного локомотивного депо Алмас Жанаткалиев.

Любовь РОВБА

РАЗВИТИЕ УПРАВЛЕНЧЕСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ



Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Астана

Программа была направлена на разви-тие управленческих и коммуникативных компетенций, повышение личной и про-фессиональной эффективности, а также совершенствование навыков взаимодействия в различных рабочих ситуациях.

В рамках обучения участники освоили два актуальных направления: «Глубинный интеллект: 4 уровня личной и профессио-нальной эффективности» и «Профайлинг. Осуществление переговорного процесса с конфликтными личностями».

Первый курс был посвящен вопросам личной эффективности руководителя, осознанному подходу к принятию решений,

управлению собственными ресурсами и выстраиванию эффективной коммуника-ции. Участники рассмотрели инструменты, которые позволяют лучше анализировать рабочие ситуации, находить оптимальные решения и повышать результативность своей деятельности.

Отдельное внимание было уделено про-файлингу и ведению переговоров с кон-фликтными собеседниками. Руководители изучили особенности поведения людей в сложных ситуациях, способы распознавания возможных конфликтных реакций и подходы к построению конструктивного диалога. Практические инструменты, полученные в ходе обучения, помогут применять эти навыки непосредственно в повседневной работе.

Особенностью программы стала ее прак-тическая направленность. Помимо теоре-тического материала участники разбирали реальные рабочие ситуации, выполняли практические задания и обменивались профессиональным опытом. Такой формат позволил не только получить новые знания, но и сразу отработать инструменты, которые могут быть востребованы в деятельности руководителя.

Проведенное обучение стало очередным шагом в развитии управленческого потен-циала руководителей Центра топливных ресурсов. Повышение компетенций сотру-дников создает дополнительные возможности для совершенствования рабочих процессов, укрепления командного взаимодействия и повышения общей эффективности.



ющих, а потом задавали много вопросов по существу. В завершение встречи всем учащимся раздали памятки «Железная дорога – зона повышенной опасности» с напутствием распространить полученные знания среди знакомых и родственни-ков. В мероприятии приняли участие 75 учащихся колледжа. Профилактическая работа со школьниками и учащимися ссузов продолжается.

Фото автора

НЕ ДОПУСТИТЬ НЕПОПРАВИМОЕ



Анна МАРЬИНА,
Уральск

В мероприятии в рамках идеологии «За-кон и порядок» приняли участие инженер по охране труда станции Орал Гульдана Танат, от отдела полиции на транспорте – оперуполномоченный капитан полиции Манарбек Саткагулов и старший инспек-тор группы по контролю за оборотом гражданского и служебного оружия

старший лейтенант полиции Адилгерей Есиркепов.

После демонстрации видеороликов на тему «Железная дорога – зона повышен-ной опасности» провели беседы с перво-курсниками колледжа о безопасности на объектах железнодорожного транспорта, о запрещенных предметах оружия, о наркотических веществах и последствиях нарушения законов Республики Казахстан. Подростки внимательно слушали выступа-

Итоги



ОБНОВЛЕНИЕ ДЛЯ НАДЕЖНОСТИ

Роман ЛЮБИМОВ,
Астана

С начала года силами ТОО «Теміржол жөндеу» капитально отремонтировано порядка 230 километров железнодорожного полотна.

Всего в этом году подрядчик обновит 277,6 километра пути. В рамках капитального ремонта ведется сплошная смена рельсошпальной решетки, обновление балластного слоя, выправка и подбивка пути, а также комплекс других работ, обеспечивающих надежность инфраструктуры.

К настоящему моменту годовой план капремонта ТОО «Теміржол жөндеу» выполнен на 82,8%. Обновлено уже 229,833 километра пути. Основной объем пришелся на подрядную организацию ПМС Бірлік – 59,527 километра, силами ПМС Ақтобе отремонтировано 58,551 километра, ПМС Астана – 63,183 километра, ПУ Шар – 48,572 километра.

На каждом участке ведется тщательный контроль за проведением работ. Так, ранее главный ревизор ТОО «Теміржол жөндеу» Бахитжан Садриев посетил участок Жолкудык – Павлодар. Он проверил соблюдение установ-ленных требований и качества выполнения капитального ремонта. Все работы ведутся по графику и будут выполнены качественно и в срок.

В компании отмечают, что капитальный ремонт пути – одно из приоритетных направлений деятельности ТОО «Теміржол жөндеу». Комплексное обновление железно-дорожной инфраструктуры позволяет продлевать срок службы пути, улучшать его техническое состояние и создавать необходимые условия для бесперебойного и безопасного движения поездов.

АЛТЫНКОЛЬ ДЕРЖИТ ТЕМП

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Алтынкколь

За восемь месяцев 2026 общий грузооборот на станции Алтынкколь составил 10,8 милли-она тонн, что на 3% больше по сравнению с тем же периодом прошлого года.

Станция Алтынкколь занимает важное место в системе международных перевозок, связывая транспортные потоки Казахстана и Китая. Через нее проходят значительные объемы грузов, а работа расположенных здесь терминалов обеспе-чивает их прием, обработку и дальнейшее направление.

Так, за восемь месяцев текущего года перевозка грузов между Казахстаном и Китаем распределилась практически равномерно: из РК в КНР перевезено 5 202 901 тонна, из КНР в РК – 5 654 362 тонны, или на 6% больше, чем годом ранее.

По узкой колее принято 4 744 поезда, по широкой сдан 2 241 поезд.

Прием и отправление контейнерных поездов распре-делились следующим образом: Европа – 489 поездов, 32 842 ДФЭ, Россия – 644 поезда, 69 754 ДФЭ, Центральная Азия – 1 075 поездов, 128 018 ДФЭ, по ТМТМ – 554 поезда, 64 511 ДФЭ, Казахстан – 16 поездов, 1 868 ДФЭ.

Ежедневная слаженная работа коллектива станции Алтынкколь способствует развитию грузовых перевозок, расширению торгово-экономического сотрудничества и укреплению связей между Казахстаном и Китаем, открывая новые возможности для роста международных перевозок.

ОТВЕТСТВЕННОСТЬ КАЖДОГО

Айлин БАУРЖАН,
Астана



Работники филиала АО «НК «КТЖ» – «Алматинское отделение маги-стральной сети» и филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Алматы» приняли участие в семи-наре-тренинге на тему «Предупре-ждение и профилактика коррупции и иных правонарушений в сфере железнодорожного транспорта».

Основной целью мероприятия стало формирование у работников устойчивой антикоррупционной культуры, повышение правовой грамотности и предупреждение коррупционных проявлений и иных правонарушений в трудовой деятельности.

В ходе семинара участникам разъяснили основные тре-бования законодательства в сфере противодействия кор-рупции, а также вопросы соблюдения установленных норм и ограничений. Отдельное внимание уделили важности своевременного выявления потенциальных коррупционных рисков и недопущения действий, способных привести к нарушению законодательства.

Подобные обучающие мероприятия имеют важное значе-ние для формирования ответственного отношения каждого работника к своим обязанностям.

Руководство Алматинского отделения, профсоюзная организация и Региональный совет ветеранов выражают глубокие и искренние соболезнования родным и близким в связи с кончиной заслуженного ветерана железно-дорожной отрасли, Құрметті ардагер теміржолшы Жумадилова Оразалы Жумадиловича.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР ЖАРШЫСЫ

Еңбектің лайықты бағалануы – кез келген саладағы кадрлық құрамды тұрақтандыруға әсер ететін маңызды фактор. Шу локомотив пайдалану депосының нұсқаушысы Олег Ермиловтың есімі теміржолшы қауымға жақсы таныс. Өнертапқыш, мықты инноватор, жаңашыл идея мен жарқын бастамалар көшбасшысы ретінде танымал болған тұлға.

Биыл Олег Ермиловтың саланың мәртебелі марапатын алып, «Құрметті теміржолшы» атануын әріптестері зор қуанышпен қабылдады. Бұл – отыз жылдық адал еңбектің, тынымсыз ізденістің жемісі деп санайды. Теміржолшыға берілетін ең биік марапат өз иесін тапқанына қуануда.

Тәуелсіздіктің елең-алаңында, тоқсаныншы жылдардағы қиындықтарға қарамай, теміржол саласына жұмысқа орналасып, Шу локомотив депосында тепловоз машинисінің көмекшісі болып еңбек жолын бастаған кейіпкеріміз 1997 жылы негізгі құрамнан бөлініп қалған он вагонды тауып, пойызды тоқтатып, диспетчердің нұсқауымен вагондарды тіркеп, дйттеген жеріне жеткізгенде сала басшылары Олег Ермиловтың темір жолға кездейсоқ келмеген жан екенін мойындаған. Содан бері отыз жылға жуық уақыт ізденіспен, оқу-тоқумен, еңбекпен өтіп жатыр. Өз кәсібін жетік меңгеруге кіріскен ол өндірістен қол үзбей білімін көтерді. Электровоз машинисі курсында оқып, емтихан тапсырған соң 1998 жылдан бастап алдымен

жүк пойызында, кейін жолаушылар пойызында электровоз тізгіндеп, 2010 жылға дейін еңбек етті.

Олег Ермилов қырағылығының арқасында талай қауіп-қатердің алдын алады. Сондай оқиғаның бірі 2008 жылғы болған еді. №52 пойызбен келе жатқан машинист шойын жолда рельстің сынғанын дер кезінде байқап, пойызды тоқтатып үлгереді.

Тынымсыз ізденіс үстінде жүретін маман 2011 жылы өзін мықты инноватор ретінде көрсетті. Астана қаласында өткен Инновациялық технологиялар форумында оның KZ4A электровоздарын ақауларын анықтау бойынша әзірленген автоматты жүйесі үздік деп танылды.

– KZ4A электровоздарының ақауларын анықтайтын құрылыс локомотив бригадаларына машиналардың жұмысындағы ақауларды санаулы секундтарда жою дағдыларын пысықтауға мүмкіндік береді. Оқу стендінде бір-бірімен байланысқан және локомотивтің борттық компьютерінің нақты бейнесіне сәйкес келетін 12 ұяшық бар. Суреттердің көмегімен



машинист жұмыс кезінде тартқыш және жылжымалы жабдықтарды, агрегаттардың жұмысын серфингсіз басқара алады, – деп түсіндірді Олег Ермилов өзі жасап шығарған автоматты жүйе туралы.

Депо бастығының пайдалану жөніндегі орынбасары Мейірхан Орысбай бүгінде локомотив бригадаларының нұсқаушысы Олег Ермиловтан жастардың үйренері көп екенін айтады.

– Оның еңбек тәжірибесін тек шулық теміржолшылар ғана емес, басқа өңірлердегі әріптестері де үлгі тұтады. 2011 жылы ҚТЖ бойынша таратылған теміржол көлігіндегі тежегіштерді басқару жөніндегі нұсқаулықты әзірлеуге қатысқаны, 2013 жылы компания қызметкерлерін оқытуға тренажерлер сатып алу үшін Францияға іссапарға жіберілгені – оның деңгейін көрсететін дәлел, – деді depo бастығының орынбасары.

Ардақ УСЕЙІНОВА, Жамбыл
Суретті түсірген автор

ТҮРКСІБПЕН ТАМЫРЛАС

Ел шығысындағы теміржол саласында маңызды да мазмұнды тарихы бар іргелі мекемелердің бірі – Семей белгі беру және байланыс дистанциясының құрылғанына биыл 95 жыл толып отыр.



Осыған орай жуырда ШЧ-29 мекемесінде кең көлемде мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Салтанатты жиында дистанцияның кешегі-бүгінгі қызметкерлері мен ардагерлер қауымы, Семей магистральдық желі бөлімшесінің басшылығы қатысып, мерейтойды жоғары деңгейде атап өтті.

Мерекелік басқосуды ашқан дистанция директоры, Құрметті теміржолшы Бейбіт Түменғали көпшілікті байырғы мекеменің мерейтоймен құттықтап, кешегі-бүгінгі тарихына шолу жасады.

Түрксіб теміржолының төл туындысы саналатын мекеменің әр жылдардағы жетістігін, бүгінгі цифрландыру дәуіріндегі қол жеткізілген мақсатты шаралар қатарын кеңінен сөз еткен ол осынау жеңісті жолда сала ардагерлері еңбектерінің де айрықша екендігін баса атап өтті.

Сөз кезегі қонақтарға беріліп, бөлімшенің салалық ардагерлер ұйымының төрағасы, Құрметті теміржолшы Қырықбай Әлсейітұлы құттықтау лебізін білдірді.

Ал дистанцияның ардагерлер қауымының атынан осы мекеменің бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы, «Түрксіб-Семей» мұражайының Құр-

метті директоры, Құрметті теміржолшы Мақсұт Көшжанов мазмұнды баяндама жасады. Қоғамдық істе белсенді қария дистанцияның арғы-бергі тарихына тоқталып, өзі көзін көрген даңқты тұлғалар жайында тамаша естелік айтты.

Мерекелік шарада НЖС-6 басшысының бірінші орынбасары Азат Беркімбаев, «Қазкөліккәсіп» ҚБ Семей өңірі бойынша төрағасы Есен Қажығұловтар да сөз алып, ізгі тілектерін білдірді.

Десекте, кез келген мерекенің сәнін марапаттау кіргізетіні де рас. Бұл орайда «Семей белгі беру және байланыс дистанциясына - 95 жыл» мерекелік төсбелгімен мекемеде әр жылдарда жемісті еңбек еткен ардагерлермен қатар ШЧ-29 мекемесінің жетекші инженері Берікқан Қозыбақов сынды аймақтағы байланыс саласының бабын тапқан көптеген майдан мамандар марапатталды. Мерекелік көңіл күй ән шашумен ақ дастарханмен басында жалғастық тапты.

Қуан ЕРТПС, Семей
Суретті түсірген автор

SHEKSIZ BIKE 2026: КИЛОМЕТРЫ ВОЗМОЖНОСТЕЙ



В шахтерской столице впервые состоялся инклюзивный велопробег SHEKSIZ BIKE 2026, объединивший около 100 детей с ограниченными физическими возможностями, их родителей, волонтеров, а также тех, кто верит в безграничные возможности каждого ребенка.



Для юных велосипедистов преодоление двухкилометровой дистанции стала важным испытанием и в то же время большим праздником. Вместе с родителями дети успешно прошли весь маршрут, проявляя силу воли, настойчивость и желание двигаться вперед.

Большую роль в проведении первого SHEKSIZ BIKE 2026 сыграли волонтеры. Около 40 добровольцев помогли обеспечивать организацию мероприятия, сопровождали участников, поддерживали детей и родителей на дистанции, создавая праздничную атмосферу. Среди активных помощников была команда корпоративных волонтеров Карагандинского региона и дети железнодорожников.

– Особенно важно, что волонтерское движение объединяет представителей разных поколений. Родители, волонтеры и дети железнодорожников вместе становятся частью социально значимых проектов, на собственном примере показывая, насколько важны внимание, участие и готовность помочь тем, кто рядом, – подчеркнула ведущий инженер-технолог Карагандинского отделения магистральной сети Жұлдызай Байдүйсен.

Кульминацией спортивного праздника стал финиш. Каждого юного велосипедиста встречали бурными аплодисментами, а в качестве награды дети получили медали, дипломы и спортивные рюкзаки. Для многих ребят эти награды стали символом личной победы и подтверждением того, что каждый шаг вперед имеет большое значение.

Отдельной благодарности удостоился штаб корпоративных волонтеров «ҚТЖ Еріктілері». За активное участие в организации и проведении мероприятия коллектив был отмечен специальным благодарственным письмом.

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

ПАПА, МАМА, Я – СПОРТИВНАЯ СЕМЬЯ!

В АО «НК «Қазақстан темір жолы»» состоялся масштабный спортивный праздник, приуроченный к празднованию Дня семьи. Мероприятие объединило десятки железнодорожников, подарив участникам и болельщикам море ярких эмоций и мощный заряд энергии.



В этот праздничный день на спортивных площадках развернулась настоящая, но очень дружеская борьба. Всего в соревнованиях приняли участие 33 семьи, которые разделились на три сплоченные команды. Программа праздника была насыщенной: взрослые и дети состязались в скорости, ловкости, выносливости и, самое главное, в умении работать в команде.

Железнодорожники и их близкие в этот день продемонстрировали особую активность и сплоченность, в том числе и сотрудники АО «Кеден-

транссервис». Представители дочерней компании не просто вышли на старты, а показали пример настоящей командного духа, воли к победе и взаимной поддержки на каждом этапе соревнований. В целом для ҚТЖ участие в таких событиях – важная часть корпоративной культуры, ведь компания всегда активно поддерживает инициативы, направленные на укрепление традиционных семейных ценностей и развитие здорового образа жизни. Несмотря на соревновательный азарт, в этот день на площадке не было проигравших. Каждая семья-участница получила ценные подар-

ЛЕТО, КОТОРОЕ ЗАПОМНИТСЯ

Для детей из многодетных семей железнодорожников Павлодарской области летние каникулы стали временем отдыха, новых впечатлений и ярких событий.



Ежегодно АО «НК «ҚТЖ» предоставляет ребятам возможность провести часть каникул в оздоровительных лагерях, где они могут набраться сил перед новым учебным годом.

В этом году отъезд был организован в два заезда. 72 ребенка из Павлодарской области побывали в детском оздоровительном лагере «Лесная сказка», расположенном в Боровом, еще 103 ребенка отдохнули в лагере «Парус» в Кокшетау.

Для ребят это не только возможность сменить обстановку и отдохнуть на природе, но и время, наполненное общением со сверстниками, спортив-

ными мероприятиями, творческими занятиями и новыми знакомствами.

Такая поддержка для семей железнодорожников стала доброй ежегодной традицией. Летний отдых помогает детям восстановить силы, получить положительные эмоции и с хорошим настроением подготовиться к новому учебному году. Для многих ребят поездка в лагерь становится одним из самых ярких событий лета, оставляя после себя фотографии, новые знакомства и теплые воспоминания.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар
Фото автора

Хабарландыру/Объявление

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мемлекеттік бағдарламаларды және (немесе) ұлттық жобаларды, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыруға байланысты «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының 22-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес магистральдық темір жол желілерінің реттелетін қызметтерінің бекітілген тарифтерінің өзгергені туралы хабарлайды.

МТЖ реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер мен тарифтік смета деңгейінің өзгеруі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының 2026 жылғы 02 қыркүйектегі №114-НҚ бұйрығымен 2026 жылғы 21 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіле отырып, бекітілді.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын тасымалдау кезінде МТЖ реттелетін қызметтеріне тарифтер деңгейі өзгертілмеген және бекітілген деңгейде күшінде.

Акционерное общество «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» информирует об изменении утвержденного тарифа на регулируемые услуги магистральных железнодорожных сетей в соответствии с подпунктом 4) пункта 1 статьи 22 Закона РК «О естественных монополиях» в связи с реализацией государственных программ и (или) национальных проектов, а также документов системы государственного планирования, утвержденных уполномоченным органом.

Изменение уровня тарифов и тарифной сметы на регулируемые услуги МЖС утверждено приказом председателя Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 02 сентября 2026 года №114-ОД с введением в действие с 21 сентября 2026 года.

Уровень тарифов на регулируемые услуги МЖС при перевозке социально значимых продовольственных товаров не изменены и действуют на уровне утвержденных.



ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



КАЗТЕМІРЖОЛКӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 8 000
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеуберенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, Р. Рахметова

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынғп, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Атырау: Қосымш Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қржаев 8-707-906-79-80
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаяв 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде № 601 тіркеу күнәлігі берілді.